

берілген сенім квотасы және Елбасының дәрежесін сыйлау болса керек. Әрі сыртқы саясаттағы табысымыз бен елді біріктіріп, тұтастыра түсетін уақыттық нышан. Екіншіден, Астанаға 3 айдың ішінде 5 миллионның үстінде адам келеді деп күтіліп отыр. Бұл миллиондардың ішінде инвесторлар да, туристер-де, журналистер-де болады. Демек, Қазақстанға ақпараттық шу, туристік қызығушылық және инвестициялық климат жағынан болсын, бұл көрме әбден тиімді. Үшіншіден, көрме Астананың инфрақұрылымына үлкен серпіліс әкелді. Жаңа қонақүйлер салынды, жаңа жұмыс орындары ашылды, сауда кәсіпорындары дамыды. Шағын және орта бизнес өркендеді. Және бұл көрме елдегі жаңашылдық рухты жанудың, ғылымға ұмтылуға құлшыныс берудің таптырмас тетігі. Төртіншіден, Астана көрмесінің бас тақырыбы — «Болашақ қуаты». Жасыл технологияларды дамыту, балама қуат көздерін табу мәселесі өзекті боп тұрған заманда 2017 жылғы көрме талай бастаманы іске асыру кілтіне айналады. Мысалы, 1939 жылы Нью-Йоркте өткен әлемдік көрмеде Рузвельттің телеэкранда пайда болып, жиналғандарды таң қалдыруымен әлемде телевидение өрістей бастады. Ал Эдисонның фонографы үшінші Париж көрмесінде танымал болып кетті. Ендеше, Астана көрмесінде-де жаңа технологиялар мен ғылыми жетістіктердің бағы жанып кетеді деп білеміз. Бесіншіден, ЭКСПО-ны өткізу тарихына қарасақ, үлкен көрмелердің құрметіне әр ел өзінің техникалық мүмкіндігін паш ету үшін сәулет туындыларын салуға тырысқан. Мысалы, алғашқы ЭКСПО-дан Лондонда Хрусталь сарайы қалған еді, ол 1936 жылы өртке оранып кетті. Парижде Эйфель мұнарасы, Брюссельде Атомиум, Монреальда Хабибат деген ерекше тұрғын үй кешені тұрғызылғаны белгілі. Астана көрмесінде-де сәулет тарихына ұялмай кіретін туындылар салынды. Алтыншыдан, көрме өтіп біткен соң қалған павильондардың біразы ғылыми зертханалар, ғылыми орталықтар, зерттеу институттары ретінде қолданылады.

Бұл павильондардың негізінде «Зерттеу орталығы» құрылып, оны «Назарбаев университеті» АҚ-ына бекітіп береді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына „Қазақстан — 2050“ Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы. -Астана, 14 желтоқсан, 2012 ж.
2. ҚР Президентінің баспасөз қызметінің мәлімдемесі. Париж, 22 қараша, 2012 жыл.
3. Қазақстан республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілігі».
4. Охрана окружающей среды в Республике Казахстан: Статистический сборник. Агентство Республики Казахстан по статистике. 2012 г.

**Ержанова С.К. э.ғ.к., доцент (академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)
Бейсенбаев С.К., магистрант (академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)**

ҚАЗАҚСТАНДА КӘСІПКЕРЛІКТІ БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы мемлекеттің жаңаруының стратегиялық бағытын анықтайтын негізгі құжат болып танылады. Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2012 жылдың 14 желтоқсанындағы Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстан–2030» стратегиясының ережелеріне тұжырымдамалық баға бере отырып, Қазақстанның 2050 жылға дейінгі дамуына перспективті көзқарасын білдірді. Шағын бизнестің дамуы ел экономикасының дамуы.

Республикамызда шағын бизнесті дамыту үшін мынадай шараларды жүргізу керек:

- салық салу базасын жетілдіру;
- салықтың түрлерін анықтауға қатысты салық заңдарына өзгерістер енгізу;
- қаржы операцияларын жүргізуге мұрындық болатын салық ставкаларын азайту және соған сәйкес тиісті салықты төлеуді жетілдіру;
- несиелендіру мерзімдерін ұзарту және аймақтық мәні зор шағын өндірістік кәсіпорындар үшін пайыздық ставкаларды төмендету арқылы отандық өндірістерді ынталандыру және сапасы төмен арзан тауарларды әкелуге тосқауыл қою;
- шағын бизнесті несиелендіру механизмдерін жетілдіру үшін лизингтік несиелерді, венчурлық қаржыландыру, факторинг, сонымен бірге, кепілдік қорларды құру және өзара несиелендіруді қалыптастыру жолдарын ұсыну.

Шағын кәсіпкерлікті қолдаудың негізгі мақсаты – олардың әлеуметтік- экономикалық қызметін тиімді атқаруына мүмкіндіктер жасап, өмір сүру мерзімінің неғұрлым ұзаруына ықпал ету.

Шағын кәсіпкерлік пен бизнесті аймақтық дамыту, ең алдымен, өндірістік секторды көтеруге, шағын кәсіпкерлік пен бизнесті қолдаудың инфрақұрылымын дамытуға, жаңа жұмыс орындарының неғұрлым көп санын құруға, жергілікті атқарушы органдардың кәсіпкерлік орта мен неғұрлым жоғары деңгейде өзара іс-қимыл жасауына бағытталатын болады. Аймақтарда шағын кәсіпкерлік пен бизнесті дамыту тек халықты жұмыспен қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың әлеуметтік, рухани, экономикалық іргелі мәселелерін шешуге ықпалын тигізеді. Жастар арасында жұмыссыздық салдарынан кездесіп жүрген нашақорлық, ішімдіктерге бой алдыру сияқты қоғамға жат қылықтарды болдырмауға шағын кәсіпкерлік пен бизнесті дамытудың және қолдаудың әсері мол деп санаймыз.

Жаңа жұмыс орындарын шағын кәсіпкерлік пен бизнес арқылы қалыптастыру – халықты кәсіпкерлік қызмет саласына да белсенді түрде тартуға мүмкіндік береді. Мұның өзі аймақтардағы өмір сүру деңгейін көтеруге ықпал етіп, ондағы тұрғындардың жұмыссыздық салдарынан ірі қалаларға көшуін тоқтатады. Осыған орай жергілікті атқарушы органдардың шағын кәсіпкерлік пен бизнесті қолдау және дамыту үшін нақты іс – шараларды дайындаумен қатар, алдағы жылдардағы оның даму стратегиясын үкімет стратегиясы негізінде әзірлеуі тиіс. Шағын кәсіпкерлік пен бизнесті дамытуда мамандар даярлау, олардың біліктілігін арттыру, қайта даярлау – кәсіпкерлік тәуекел дәрежесін төмендетумен қатар, оның нарық талаптарына сәйкес жоғары нәтижемен жұмыс істеуіне көмектеседі.

Шағын бизнестің негізгі мақсаты – халықты жұмыспен қамту, оның әлеуметтік мәселелерін шешу, еңбекке деген белсенділігін дамыту, тұтыну нарығын көп ассортиментті тауарлармен, қызметтермен толықтыру. Шағын кәсіпкерліктің дамуын ынталандыру мақсатымен Қазақстан азаматтарына жайлы құқықтық және экономикалық жағдай туғызу үшін бірнеше заңдылық және ұйымдастыру – экономикалық шаралар жасалды.

Шағын кәсіпкерлік бәсеке күресін қалыптастыруда айтарлықтай үлес қосады, бұл кез келген мемлекеттің жоғары деңгейінде монополиялық экономикасы жағдайында бірінші кезекте тұратын маңызды ерекшеліктерінің бірі. Шағын кәсіпкерлік халықты жұмыспен қамту мәселесін шешуде үлкен рөл атқарады. Өнеркәсібі дамыған елдерде оның үлесіне барлық жұмыспен қамтамасыз етілгендердің 50-60% және жаңа жұмыс орындарының 70-80 % келеді. Шағын кәсіпорын дүниежүзінде маңызды орын алады. Шағын кәсіпкерлік субъектілері жеке адамдар болуы да мүмкін. Шағын кәсіпорын барлық халық шаруашылық салаларында жұмыс істейді. Ол қызметтер бір немесе бірнеше түрде болуы мүмкін. Бірақ ескертетін жағдай кейбір тауарларды шығару, қызмет атқару тек мемлекеттік кәсіпорынға жүктеледі, ал кейбір тауарларды өндіру үшін арнайы рұқсат керек етеді.

Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті қаржыландыру мәселелері: шағын бизнестің негізгі мақсаты – халықты жұмыспен қамтамасыз ету, оның әлеуметтік проблемаларын шешу және еңбекке деген ынталығын дамыту, тұтыну нарығын мол ассортиментті товарлармен және қызмет етумен толтыру. Шағын кәсіпкерлікті қаржыландыру мәселелері: Қазақстан азаматтарының кәсіпкерлікпен айналысуына қолайлы құқықтық және экономикалық жағдайлар жасау мақсатымен мынадай шаралар көзделген:

- жеке адамның және семьялық кәсіпкерліктерін, шаруашылық қожалықтарының істеріне мемлекет ұйымдарының заңсыз араласпауына кепілдік беретін заңдармен қамтамасыз ету;

- шағын бизнес субъекттерін мемлекеттік тіркеудің жеңіл тәртібін енгізу. Бұл тіркеудің мерзімін және ақысын қысқарту, қажетті жоғарғы қорының көлемін азайту, шағын кәсіпкерлер меншігіне мемлекеттік меншікті ақысыз беру;

- мемлекеттік бақылау ұйымдарының шағын бизнес субъекттерінен қосымша ақы алуға мүмкіндік беретін қазіргі күші бар заңдылық нормативтер мен жағдайларды жою.

Бұған тек заңда бекітілген айыптар, өсімдер және басқа санкциялар жатпайды; - материалдық өнімдер өндірісімен шұғылдалатын шағын бизнес субъектілеріне салық және кеден ақысын төлеуге жеңілдіктер беруді өрістету.

Шағын кәсіпкерлік саласындағы қаржылық қолдау шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қажетіне сай келетін жабдық шығара алатын компанияларға бағдарлануы тиіс, олардың өндірістік бағыты өнімнің жаңа түрлерін игеруі, техникалық және технологиялық озықтығы ескерілетін болады. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қаржылық қолдау нысандарын жетілдіру, шағын кәсіпкерлік базар қатынастарын ұдайы іске қосып отыратын ортаның нақ өзі. Экономиканың өтпелі кезеңіндегі шағын кәсіпкерлік, ең алдымен, базардың тауармен молығуына және жаңа жұмыс орындарының құрылуына мүмкіндік берді. Жалпы алғанда, кәсіпкерлік экономикада нақты белсенді, бәсекелес ортаны ғана қалыптастырып қоймайды, сонымен қатар, мемлекеттің экономикалық дамуында оның тұрақтылығының индикаторы есепті орта тапты жасақтайды. Қазірдің өзінде кәсіпкерлік Қазақстанның бүгінгі экономикасында лайықты орын алады. Шағын кәсіпорындардың соңғы жылдары күрт ұлғаюы жаңа нарықтық құрлымның қалыптаса бастағандығының айғағы.

Республикада шағын бизнесті дамыту жолындағы көптеген кедергілер бүгінгі күні жойылып жатқандығы айқын. Алайда, шағын бизнестің дамуына тежеу болатын күрделі проблемалар әлі де баршылық. Бүгінгі негізгі проблемалар: шағын бизнесті қолдау, қорғау жөніндегі заңдық базаның шың жаулығы; шағын кәсіпкерлікті қолдау және қорғау инфрақұрылымының әлсіздігі; несие беру құжаттарын толтырудың тым қиындығы; білімді кадрлардың жетіспеуі. Ал шағын бизнестің басты проблемасы - ол несие беру саясаты. Несие тек қана кепілдеме ретінде мүлікке беріледі. Ал кепілдікке беруге жарайтын мүлік шағын кәсіпорындардың керек несиесіне кепілдік бере алмайды. Сондықтан шағын кәсіпорындардың керектігі банк, несие банктің бір бөлімі болуы керек шағын кәсіпорындар кадр даярлау, банктік кредит алу информациялық қызметтерге мұқтаж. Шағын кәсіпорынның артықшылықтары: бәсекелі нарықтық өрісін кеңейтеді; айрықша қажеттіліктерді (пәтерлерді жөндеу, ксерокөшірме, көлік жөндеу, ұсақ сауда т.б.) қанағаттандыру мүмкіншілігі, өзгерістерге тез икемделу қабілеттілігі; жаңа тауарларды, жұмыстардың жаңа тәсілдеріне тез Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кешенді шаралар белгіленген.

Шағын кәсіпорын дүниежүзінде маңызды орын алады. Шағын кәсіпкерлік субъектілері жеке адамдар болуы да мүмкін. Шағын кәсіпорын барлық халық шаруашылық салаларында жұмыс істейді. Ол қызметтер бір немесе бірнеше түрде болуы мүмкін. Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кешенді шаралар белгіленген. Бағдарламада шағын

кәсіпкерлікті тұрақты дамытуды қамтамасыз ету, экономикада оның үлесін ұлғайту, жаңа жұмыс орнының санын арттыру, айқын бәсекелестік ортаны құру, қоғамның орташа табы ретінде меншік иелерінің бұқаралық тобын қалыптастыру көзделген.

Шағын кәсіпорындардың дамуы нарықты тауар және қызметтермен толықтырады, экспорттың потенциалын арттырады және жергілікті шикізат ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік жасайды. Шағын кәсіпорын дүниежүзінде маңызды орын алады. Ол тек қана тұтыну сферасында емес, сол сияқты кейбір бөлек үзелдер мен механизмдерді шығару жағдайында немесе полуфабрикаттар өндіріп негізгі басты өндірісті қамтамасыз етуде маңызды орын алады. Шағын кәсіпкерлік субъектілері жеке адамдар болуы да мүмкін. Шағын кәсіпорын барлық халық шаруашылық салаларында жұмыс істейді. Ол қызметтер бір немесе бірнеше түрде болуы мүмкін. Шағын кәсіпорындардың дамуы нарықты тауар және қызметтермен толықтырады, экспорттың потенциалын арттырады және жергілікті шикізат ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік жасайды. Шағын кәсіпорын дүниежүзінде маңызды орын алады. Ол тек қана тұтыну сферасында емес, сол сияқты кейбір бөлек үзелдер мен механизмдерді шығару жағдайында немесе полуфабрикаттар өндіріп негізгі басты өндірісті қамтамасыз етуде маңызды орын алады. Шағын кәсіпкерлік субъектілері жеке адамдар болуы да мүмкін. Шағын кәсіпорын барлық халық шаруашылық салаларында жұмыс істейді. Ол қызметтер бір немесе бірнеше түрде болуы мүмкін.

Шағын кәсіпкерліктегі көлеңкелі экономиканы азайту- ұйымдаспаған сауда түрлерін біршама өркениетті түрге айналдыруға, сауданың жалпы қабылданған нормалары мен ережелерін, базар саудасын сауда орталықтарына айналдыру бойынша қызмет көрсету стандарттарын енгізуге жағдай жасау.

Шағын кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымын дамыту-проблемалық мәселелерді уақытында шешу, әлеуметтік кернеулікті болдырмау, мемлекеттік құрылымдар мен кәсіпкерлер арасында диалог орнату.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін нығайту үшін жағдай жасау- проблемалық мәселелерді уақытында шешу, әлеуметтік кернеулікті болдырмау, мемлекеттік құрылымдар мен кәсіпкерлер арасында диалог орнату.

Кәсіпкерлік белсенділіктің қарқынды дамуын қамтамасыз ету- кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту инфрақұрылымының дамуының қалдықсыз болуы, маманданбаған кадрларды қайта даярлау, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің несие ресурстарына қол жетімдігін арттыру.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін нығайту- несиелеу, лизинг, франчайзинг салаларында қаржы институттарының қызметін пайдалану.

Экономикалық өсуді қамтамасыз ету- шағын кәсіпкерлік есебінен жалпы ішкі өнім көлемін арттыру.

Шағын кәсіпкерлікті жетілдіру-шағын кәсіпкерлік есебінен толық жұмысбастылықты қамтамасыз ету.

Бәсекені жетілдіру – тауарлар мен қызметтер сапасын арттыру.

Шағын кәсіпкерлікті ресми жағынан жетілдіру – мемлекет белгілейтін әлеуметтік шектеулерді азайту.

Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі жеделдетілген шараларды іске асыру күн өткен сайын өзінің өзектілігін сақтап отыр. Өйткені, шағын кәсіпкерлік субъектілерін барынша кеңейтуге және олардың қызметін жандандыруға бағытталған институционалдық жағдайларды жетілдіру еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға айрықша үлес қосады.

Шағын бизнес кәсіпорынының дамуы Қазақстан экономикасындағы жүзеге асырылған реформаларының бірі болып табылады. Үлкен мөлшерледегі инвестицияны қажет етпейтін осы кәсіпорындар ғана әлеуметтік тұрақтылық кепілі, нарықтық кеңейту шаралары және елдегі бәсекеге қабілеттілікті жоғарылату қайнар көзі болып саналады.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы //Егемен Қазақстан. – Астана, 2012.
2. Шеденов Ө.Қ., Жүнісов Б.А., Байжомартов Ү.С., Комягин Б.И. Жалпы экономикалық теория. – Алматы-Ақтөбе, 2002.
3. Мейірбеков А.Қ., Әлімбетов Қ.Ә. Кәсіпорын экономикасы. –Алматы: Экономика, 2003. –250 бет.

Алмаз Толумбек, PhD (Канада)

Романько Е.Б., к.э.н., доцент (КарГУ им. академика Е.А. Букетова)

Жаксыбаев К.Р., к.э.н., доцент (КарГУ им. академика Е.А. Букетова)

ЭКОЛОГИЧЕСКОЕ ИНВЕСТИРОВАНИЕ И ИННОВАЦИИ КАК КЛЮЧЕВЫЕ СОСТАВЛЯЮЩИЕ РЕАЛИЗАЦИИ НОВОЙ СТРАТЕГИИ МИРОВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ

Современная экономика во многом зависит от соблюдения экологических норм и ориентации на международную концепцию устойчивого развития. При переходе к инновационному типу развития экономики, в том числе казахстанской, важнейшим условием является экологически безопасная среда жизнедеятельности. На нее и на состояние эколого-экономической системы в целом влияет инвестиционная деятельность, которая играет значительную роль в достижении стратегических целей.

Экологическое инвестирование и инновации как ключевые составляющие реализации новой стратегии мирового экономического развития содержат анализ особенностей развития природоохранных капиталовложений, которые, по мнению автора, являются основным признаком реализации стратегии экологически ориентированного роста. Переориентация мировой инвестиционной деятельности в сторону экологических отраслей и решения задач окружающей среды стала важнейшей тенденцией инвестирования последних лет. Без привлечения крупных инвестиций практически невозможно решить масштабные и сложные задачи охраны окружающей среды. Пока этих капиталовложений недостаточно, чтобы переломить существующие тенденции ухудшения состояния природной среды, однако эти расходы имеют тенденцию к росту. Беспрецедентная активизация экологического инвестирования происходит на всех уровнях – фирменном, государственном, международном.

На реализацию природоохранной политики стали выделяться значительные государственные вложения, что, как считает автор, свидетельствует о серьезности намерений стран в переходе на новую модель. В период финансово-экономического кризиса в условиях ограниченности средств государственные экологические инвестиции значительно увеличились для решения комплексных задач: стимулирования экономического роста, занятости, сокращения потребления энергии, предотвращения колебаний цен на нее и снижения при этом эмиссии парниковых газов. По данным исследовательской компании Блумберг Нью Энерджи Финанс, около 188 млрд. долл. из государственных программ стимулирования экономики 15 крупнейших стран было предназначено для развития мер, связанных с экологизацией экономики и изменением климата. Лидируют по вложениям в «зеленые» проекты в антикризисных программах стимулирования азиатские страны: Китай, Япония, Республика Корея, Австралия. Удельный вес инвестиций, прямо направленных в экологические проекты, в пакете антикризисных мер по восстановлению экономики составил в Бельгии – более 50%, Республике Корея – 32%, Франции – 39,3%, Японии – 10,4%, Дании – 10%, Китае – 5,25%, а их доля в ВВП равнялась 1,47% в Республике Корея и 0,76% в Китае. Помимо этого значительные средства были выделены на налоговые льготы, займы и другие меры